

Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы ставкалар мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2008 жылғы 18 маусымдағы N 89 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 21 шілдеде N 3263 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009 жылғы 6 ақпандағы N 159 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2009.02.06 N 159 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 491 бабының 2) тармақшасына сәйкес

облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы ставкалар мөлшерлері қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Осы шешім алғаш рет жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың Облыстық
сессия төрағасы мәслихаттың хатшысы
Ғ. НҰРЫШЕВ А. ЕСІРКЕПОВ*

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т ы н ы ң
2 0 0 8 ж ы л ғ ы 1 8 м а у с ы м д а ғ ы
N 89 шешіміне қосымша

Ақтөбе облысының елді мекендерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін ай сайынғы төлемақы ставкалар мөлшерлері

Жарнама ауқымының көлемі, аумағы, шаршы метр	«А» категориясы	«Б» категориясы
3 шаршы метрге дейінгі жарнама нысанның аумағы		2 айлық есептік көрсеткіш

	3 айлық есептік көрсеткіш	
3 шаршы метрден артық жарнама нысанның аумағы	ставка нысан аумағының көлемін айлық есептік көрсеткішке көбейтілгеніне тең	ставка нысан аумағының 2/3 көлемін айлық есептік көрсеткішке көбейтілгеніне тең
Көлік құралының сыртқы жағындағы жарнама: 1) (Жүк көтерімі 1,5 тоннадан астам) автобустар, троллейбустар, жүк машиналары , және т.б. 2) (Жүк көтерімі 1,5 тоннаға дейін) микроавтобустар, такси, жеңіл машиналар	10 айлық есептік көрсеткіш 5 айлық есептік көрсеткіш	10 айлық есептік көрсеткіш 5 айлық есептік көрсеткіш

Ескерту: Жарнама объектісінің бір жағы үшін төлемақы ставкалар мөлшерлері қолданыстағы айлық есептік көрсеткішінің мөлшерімен есептеледі.

Көлік құралдарында орналасатын сыртқы (көрнекі) жарнаманың ай сайынғы төлемақы ставкалары категория бойынша бөлінбейді.

"А" категориясы: Әбілқайыр хан даңғылы, Ә.Молдағұлова даңғылы, әуежай трассасы, айналмалы жол (312 атқыштар дивизиясы даңғылынан Елек көпіріне дейін), 312 атқыштар дивизиясы даңғылы, Сәңкібай батыр даңғылы, Ағайынды Жұбановтар көшесі, Есет батыр көшесі, М.Мәметова көшесі, Ш.Уәлиханов көшесі, Пацаев көшесі, 101 атқыштар бригадасы көшесі.

"Б" категориясы: Ақтөбе қаласының "А" категориясына кірмеген даңғылдары мен көшелері және Алға, Хромтау, Шалқар, Қандыағаш, Темір, Ембі қалалары мен аудандар орталықтары.